«Ережеп» бөбекжай балабақшасы

ӨЗІН ӨЗІ БАҒАЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖАЙЛЫ
А Н ЫҚ Т А М А

Қызылорда қаласы 2026 жыл

Өзін –өзі бағалау бөлімдері

1.Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуі

2.Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

3. Кадрлық құрамға талдау (2- қосымша)

4. Тәрбиеленушілер контингенті (3-қосымша)

5. Оқу-әдістемелік жұмыс

6. Оқу – материалдық активтер (4-қосымша)

7. Ақпараттық ресустар және кітапхан қоры (5-қосымша)

8. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

9. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары

10.Өзін –өзі бағалау нәтижелеріне қорытынды

1. «Ережеп» бөбекжай балабақшасы мекемесі білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуі.

«Ережеп» бөбекжай балабақшасы мекемесі өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуі «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі № 114 бұйрығына сәйкес әзірленді.

2.Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы мен өткізуі бірыңғай тәсілді және ашықтықты қамтамасыз етті.

3. Білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуі кезінде зерделеудіңнегізгі бағыттары мен объектілері болып мыналар табылды:

1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
2) білікті қызметкерлердің болуы;
3) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасауы;
4) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуі;
5) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық базасы.

4. Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуі ұсынылатын білім беру қызметтерінің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы талаптарына:

1) оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына қойылатын талаптарғатәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне;
2) тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне;
3) оқу мерзіміне сәйкестігін талдау жолымен жүзеге асырылды.

5. МЖМБС жалпы талаптарын талдау кезінде Бағалау өлшемшарттары пайдаланылды.

Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуі

2.1. Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы мен өткізуін балабақшаның 03.09.2026 ж. № 2 н/б негізінде құрылған комиссия жүргізді. (комиссия құру туралы бұйрық көшірмесі 1 қосымшада берілді)

«Ережеп» бөбекжай балабақшасы
Бұйрық № 2

Балабақшаны өзін-өзі бағалауын
ұйымдастыру және өткізу туралы

«Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің» «Білім туралы» Заңының 55-1-бабына сәйкес, Қызылорда облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының 2026 жылғы 12 ақпандағы № 41/Н бұйрығы мен кезектен тыс 2026 жылғы 03 қыркүйектегі педагогикалық кеңестің шешімін негізге ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Ережеп» бөбекжай балабақшасы мекемесі 01.09.2026-30.09.2026ж.ж. аралығында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатында өзін-өзі бағалауы ұйымдастырылып өткізілсін.

2. Балабақшаны өзін-өзі бағалауын ұйымдастырып өткізу жөнінде келесі құрамда комиссия құрылсын:

Комиссия төрағасы, балабақша меңгерушісі-Абызбаева Әйгерім Тайманқызы
Комиссия мүшесі,әдіскер – Сапабекова Сандуғаш Маратқызы
Комиссия мүшесі, тәрбиеші – Батаева Мөлдір
Комиссия мүшесі, тәрбиеші – Умарова Жанар
Комиссия мүшесі, тәрбиеші – Төлепберген Жанар
Комиссия мүшесі, тәрбиеші – Рысбекова Айгүл

3. Бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша іс-шара жоспары бекітілсін. (1 қосымша)

4. Комиссияға бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру жауапкершілігі жүктелсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Комиссия төрағасы: Абызбаева Әйгерім Тайманқызы

«БЕКІТЕМІН»_ _____
«Ережеп» бөбекжай
балабақшасы меңгерушісі:
Абызбаева Ә.Т
«03» 09 2026ж.

Балабақшаның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуі бойынша
Іс-шара жоспары

р/с	**Атауы**	**Түрі**	**Жауапты**
1	Кезектен тыс педагогикалық кеңесті ұйымдастыру	Өткізу	Меңгеруші
2	Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы мен өткізуіне комиссия құру	Бұйрық	Меңгеруші
3	Бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізуі	Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын а –қосымшасы	Комиссия
4	Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар бойынша атқарылатын жұмыстар	1 іс-шара жұмыс жоспары (кесте) 2 қосымша	Комиссия
5	Балабақшаның өзін-өзі бағалауын қорытындылау	Желтоқсан отырысын ұйымдастыру	Комиссия Хаттама
6	Өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша кезектен тыс педагогикалық кеңес ұйымдастыру	Ұйымдастыру есеп беру	Комиссия Пед.ұжым
7	Өзін-өзі бағалау қорытындысы бойыша қамқоршылық кеңес отырысын ұйымдастыру	Есеп беру	Меңгеруші
8	Өзін-өзі бағалау қорытындысын аумақтық бөлімшелерге ұсыну	Рәсімдеу ұсыну	Комиссия
9	Өзін-өзі бағалау қорытындысын жариялау	Интернет-ресурсында орналастыру	

«Ережеп» бөбекжай балабақшасы
Кезектен тыс педагогикалық кеңес
ХАТТАМАСЫ

Күні: 03 қыркүйек 2026 жыл
Қатысқаны: 9 педагог

Тақырыбы: Қызылорда облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті мемлекеттік мекемесі басшысының 2026 жылғы 12 ақпандағы №41/Н бұйрығымен бекітілген кестеге сәйкес мемлекеттік аттестаттау шеңберінде «Ережеп» бөбекжай балабақшасы мекемесінің өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу.

Күн тәртібі:

1. 2026 жылға арналған мемлекеттік аттестаттау кестесімен және Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы ҚР Оқу ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі №114 бұйрығымен танысу;

2. Бағалау өлшемшарттарына сәйкес «Ережеп» бөбекжай балабақшасы мекемесінің өзін-өзі бағалауды өткізу жөніндегі комиссия құрамын бекіту.

Тыңдалды:

Сөзді меңгеруші Абызбаева Әйгерісм алды. Ол 2026 жылға арналған мемлекеттік аттестаттау кестесімен және Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы ҚР Оқу ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі №114 бұйрығымен таныстырып өтті. ҚР БҒМ БСБК 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес, бармай профилактикалық бақылаудың алдындағы білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауы белгілі бір кезеңдерден тұрады, олардың бірі білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша кезектен тыс педагогикалық кеңес өткізу болып табылады.

Әдіскер С.С.Маратқызы әдістемелік ұсынымға сәйкес комиссия төрағасы болып балабақшаның басшысын анықтауды ұсынды.

Комиссия құрамына осы жұмыстардың жауапкершілігі жүктелген әдіскер ұсынамын.

Педагогикалық кеңес қатысушылар бірауыздан комиссия мүшелерінің құрамына келісті.

Әдіскер: Қарсы, қалыс бар ма?

Шешім:

1. Балабақшаны өзін-өзі бағалауын ұйымдастырып өткізу жөнінде келесі құрамда комиссия құрылсын:

1) Комиссия төрайымы – балабақша меңгерушісі Абызбаева Әйгерім Тайманқызы ;

Мүшелері:

2)Сапабекова Сандуғаш–әдіскер;

3) Батаева Мөлдір -тәрбиеші;

4) Умарова Жанар -тәрбиеші;

5) Төлепберген Жанар -тәрбиеші;

6) Рысбекова Айгүл -тәрбиеші

Бірауыздан келістім- 6 адам
«қарсы» - жоқ;
«қалыс» - жоқ.

2. 2026 жылдың 01 желтоқсанға дейін комиссия өзін-өзі бағалау қорытындысын педагогикалық кеңесте білім беру процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізетін және нәтижелері бойынша қамқоршылық кеңес алдында есеп берсін.

Төрайымы: **Абызбаева Ә.Т**

2. «Ережеп» бөбекжай балабақшасы мекемесі туралы жалпы сипаттамасы

Қызылорда облысының Білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Ережеп» бөбекжай балабақшасы мекемесі

1	Білім беру ұйымыныңатауы	Қызылорда облысының Білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің **«Ережеп» бөбекжай балабақшасы** БСН 220240025651
2	Құрылтайшысы	Сайлаубаева Гүлнұр Раушанбекқызы
3	Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен – жайы және нақты орналасқан жерінің мекен - жайы)	Қызылорда қаласы. Желтоқсан 130 В

4	Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, webсайт)	Тел:8705 432 5155 Эл. Почта: smiua@inbox.ru **Сайт** **https://erezhep.bala-baqsha.kz/** Домендік атауы https://erezhep2026.edu.kz/
5	Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)	Меңгеруші Абызбаева Айгерім Таймаңқызы 01.09.2026ж бұйрық №15
6	Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі)	Балабақша Жарығы / алғашқы тіркелген күні 14.11.2023
7	Құрылған жылы	2023 жыл
8	Типтік ғимарат	Бір қабатты
9	Ғимараттың жалпы ауданы, ш.м.	1.Ғимарат ауқымы –754,7 кв м Жалпы алаңы- 180,2 кв.м

10	Білім беру ұйымының жобалық әлеуеті	70 орындық
11	Жарықтандыру жүйесі	толық жарықтандырылған
12	Жылу жүйесі	Сұйық отынмен
13	Кәріз жүйесі	септик
14	Бейнебақылау камералар саны	Барлығы:барлығы 15 камера, іштегісі 12, сыртқысы 3 дана
15	Балаларды оқыту тілі	қазақ
15	Жұмыс аптасының ұзақтығы	5 күндік
16	Жасына қарай топтар бойынша ұйымдастырылған іс әрекетінің ұзақтығы – минутпен	1-Мектепалды 1-ортаңғы топ 1-Кіші топ
18	Топтардың жас ерекшеліктеріне сай бөлінісі	Мектепалды-5 жастан Ортаңғы то-3 жастан Кіші топ -2 жастан
19	Рұқсаттар (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлау талоны).	Қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы талон нөмірі,күні,айы,жылы № KZ59RVK00062960 04.02.2025ж

Балабақша туралы жалпы сипаттама

Балабақша ғимараты 1 қабаттан тұрады. Ыңғайластырылған жобада салынған, жылу, су, электр жүйелері орталықтандырылған. Өртке қарсы дабыл (сигнализация) орнатылған. **ТОО «АВС» күзет агенттігімен келісімшарт жасақталған.(қосымша келісімшарт сайтка жүктелді)**

Материалдық-техникалықбаза:

Бейнекамера	15 дана:12 іште,3 сыртта
Компьютер	2дана
Ноутбук	2дана
Принтер	2дана
Интерактивті тақта	
Проектор	1дана
Ламинатор	1дана
Кварц	6 дана

Ішкі және сыртқы 15 бейнебақылау жүйесі жұмыс істейді, хабардар ету жүйесі бар, дабыл түймесі бар, домофон жүйесі бар, қауіпсіздік шаралары толық көлемде жүзеге асырылады
Ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қамтамасыз етілуі, интернет желісіне қолжетімділік және ақпараттық білім беру ресурстарын пайдалану заңнама талаптарына сәйкес келеді.Балабақшада жылдамдығы 100 м/с интернет және wifi желісі орнатылған. 2 компьютер интернет желісіне орнатылған. Балабақшадағы 2 ноутбук бар. Олар wifi желісі интернет құрылғысын пайдалана алады.

Жарақтандыру нормаларына сәйкес тәрбиеленушілердің коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық, қимыл-қозғалыс және әлеуметтік дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететін оқу және ойын материалдарымен толық қамтылған.Барлық топта, яғни 3 топта да 5 дағды бойынша оқу материалдары мен оқу әдістемелік оқулықтары жеткілікті қамтылған. Балабақшадағы жиһаздар мен оқу әдістемелік кешендер туралы толық ақпарат әдістемелік ұсынымдардың 4 және 5-ші қосымшаларында толық және ашып көрсетілген. Әр топта 25 орындық пен 13 партадан бар. Әр топтың жас ерекшелігіне байланысты әр топта оқу әдістемелік кешендер бар. Сауат ашу, көркем жазу, математикалық кешен т.б. оқулықтармен қамтылған.

19-тармақтағы 5 дағды бойынша жас ерекшелікпен жабдықталуды, сонымен бірге 20 - тармақтағы ішкі және сыртқы – 15 бейнебақылау жүйесі жұмыс істейді, хабардар ету жүйесі , дабыл түймесі , домофон жүйесі , қауіпсіздік шаралары бойынша мына заңнамадан "Қазақстан Республикасының білім беру саласында қызметін жүзеге асыратын терроризм тұрғысынан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27414 болып тіркелген) сәйкес бейнебақылау жүйесінің болуы және қауіпсіздік жағдайларының сақталуы толық қамтамасыз етілген. **ТОО «АВС» күзет агенттігімен келісімшарт жасалған**. (қосымша келісімшарт сайтка жүктелді)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
ЖҰМЫЛДЫРУ ДАЙЫНДЫҒЫ,
АУМАҚТЫҚ ЖӘНЕ
АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС
БАСҚАРМАСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

120008, Қызылорда қаласы, И. Амангелді көшесі, № 125
Тел: 8 (7242) 40-04-52, 23-51-44, факс: 23-79-86
ump_2024@korda.gov.kz

АКИМАТ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«УПРАВЛЕНИЕ ПО
МОБИЛИЗАЦИОННОЙ
ПОДГОТОВКЕ,ТЕРРИТОРИАЛЬНОЙ И
ГРАЖДАНСКОЙ ОБОРОНЕ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

120008, город Кызылорда, ул. И. Амангельды, № 125
Тел: 8 (7242) 40-04-52, 23-51-44, факс: 23-79-86
ump_2024@korda.gov.kz

13.02.2026 № 04-5/142

«Ережеп» балабақшасы
мекемесінің меңгерушісі
Г.Р.Сайлаубаеваға

12.02.2026 жс.
№ 9

Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі №130В мекен жайында орналасқан ТОО «Сайлаубаева» **«Ережеп» балабақшасы мекемесі** террористік тұрғыдан осал объектілердің тізбесінде жоқ екендігін хабарлайды.

Басқарма басшысының
орынбасары **А. Жылқыбай**

Орынд.: Б.Тәжімбетова
Тел.: 400452 (9413)
8-775-515-00-24
Эл.почта: b.tazhimbetova@korda.gov.kz

Scanned with CamScanner

Террористік тұрғыдан Осал обьектілер қатарында жоқ.

18 тармақтағы Балалардың ата-аналарын (өзге де заңды өкілдерін) тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту және 13 тармақтағы Тәрбиеленушілердің эмоционалдық әл-ауқатын, жан-жақты және тұтас дамуын қамтамасыз ететін, балаларға қызмет түрлерін және бірлескен іс-әрекет қатысушыларын таңдауға мүмкіндік беретін дамытушы ортаның құрылуы тармақтары бойынша балабақшада әр топта дамытушы қалыптастырылған. Балалардың өз бетімен іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру үшін төмендегі дамытушы орталар қалыптастырылған:

. • ойын зонасы;

• оқшаулану зонасы;

• заманауи ойыншықтар;

• дамытушы ойындар;

• дидактикалық және көрнекі материалдар;

• өнімді іс-әрекеттерге арналған материал;

• шығармашылық іс-әрекет үшін атрибуттар;

• эксперимент жасау бұрышы;

• табиғат бұрышы;

• спорт құралдары мен жабдықтары және т.б. Топтық кеңістік шартты түрде үш зонаға бөлінген:

- тыныш: оқу, «оқшаулану», кітап бұрышы;

- орташа қарқынды: театрланған, музыка, құрастыру зонасы;

- қарқынды қозғалыс зонасы: спорт бұрышы.

Топтар кеңістігі аясында шартты түрде баланың барлық қызығушылықтарын қамтитын ойын және тақырыптық зоналармен қамтылған:

- танымдық даму зонасы (оқу); шағын-зертхана (қызықты математика, сөйлеуді дамыту, ғарыш), мұнда энциклопедиялар, ойынхана бар;

- көркем-эстетикалық даму зонасында сурет салу, балаларға арналған көркем әдебиеттер, музыкалық аспаптар, шығармашылық «қабырға», декоративті-қолданбалы өнер туындыларының үлгілері және т.б. бар;

- «зертханада» тәжірибе өткізуге арналған материалдар бар;

- театрланған зонада әртүрлі театр қуыршақтары, маскалар, декорациялар, ширмалар бар;

Балабақшада басқару дара басшылық және алқалық басқару қағидаларына сәйкес құрылады. Алқалық басқару нысандары педагогикалық, әдістемелік, қамқоршылық кеңестер болып табылады.2023-24ж, 2024-25ж, 2025-26 оқу жылдарындағы педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, қамқоршылық кеңес хаттамалары ұсынылды.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты үлгілік оқу жоспарын және Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын басшылыққа ала жұмыс жасайды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны:

*жаңартылған бағдарлама негізінде құрастырылған перспективалық жоспар;

*апталық циклограмма;

* білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде;

Балабақшада медициналық кабинетімен оқшаулау бөлмесі жұмыс жасайды.Медициналық, санитарлық қағидаларға 12 қосымшаға сәйкес құрал-сайман жабдықтармен жабдықталған.

Барлық топтар балалардың жас ерекшеліктеріне сай ескеріліп, жиһаздар мен,ойынжәне көрнекі құралдармен қамтамасыз етілген, дамытушы орталар бар.Әрбір топта жеке жатын,ойын,әжетхана және ас тарататын бөлмелері бар.Балабақша учаскелерінде әрбір жас топтарына арналған ойын алаңдар,бала денсаулығын нығайтатын ойын құралдары бар,әр топқа арналған көлеңкелі саяжайлары бар.Олар ойын құралдарымен: әткеншектер, сырғанақ төбешіктері,құм толтырылған бастырмалармен жабдықталған. Ғимарат айналасы түрлі ағаштар гүлзарлармен көгалдандырылған.

Ата-аналар үшін «Денсаулық бұрышы», «Қауіпсіздік ережелері» жылжымалы папкалар безендірілген.Әр топта «»Денсаулық», «Бір тұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру негізінде «Ұлттық бұрыш», «Ойыншықтар сөресі», «Кітаптар сөресі», «Мобильді кітапхана», «Табиғат бұрышы» дамытушы дағдылар бойынша орталықтар жасақталған.

Үлгілік қағидалардың 4-тармағына сәйкес 3 топ санымен түрлі жас топтарының болуымен, балабақша аптасына 5-күндік жұмыс жасайды,жұмыс уақыты 08/00ден18/30ге де10.5 сағат.

Үлгілік қағидалардың 5-тармағы бойынша «Мектепке дейінгі ұйымдардың түрлері: балабақша 2 жастағы және 6 жас дейінгі балаларға арналған мектеп жасына дейінгі топтардың болуы қарастырылған

Дене тәрбиесі оқу әрекеттері сапалы жүргізілуге спорт алаңы спорттық құрал-жабдықтармен жабдықталған және баланың даму жағдайларына қойылатын жалпы талаптарға сай келеді.Балабақшада дене шынықтыруалаңы секіруге, жүгіруге, еңбектеуге және тепе-тендік сақтауға арналған жаңа құралдармен жабдықталып, толықтырылған.

Балабақша ауласы көгалдандырылған,ауладағы ойын алаңы өз дәрежесінде жабдықталған, жеке топтарға арналған ойын алаңдары, балалар ойнайтын құралдар,әр топқа жеке балалар

Отырып ойнайтын көлеңкелі қоршау орындығымен (беседка),гүл алаңқайлары және балалардың денсаулығын нығайтатын, ойын құралдарымен жабдықталғаналаңы бар.

Балабақшаның арнайы бөлмелері:

- Меңгеруші кабинеті;
- Медбике кабинеті;

Ата-аналар үшін топтарда«Денсаулық бұрышы»,«Қауіпсіздік ережелері» жылжымалы папкалар безендірілген. Әр топта «Денсаулық», «Оқшаулау бұрышы», «Ұлттықбұрыш»,
«Ойыншықтар сөресі»,кітаптар бұрышы,

«Табиғат бұрышы»,білім дағдылары бойынша дамытушы орталықтар жасақталған.

Балабақшадағы заттық-дамытушы орталықтар (бұрыштар) — баланың жан-жақты дамуына, өздігінен ізденуіне, шығармашылық және танымдық қабілеттерін ашуға мүмкіндік беретін арнайы ұйымдастырылған кеңістік.

Бұл орталықтар баланың өз қалауы бойынша әрекет түрін таңдауына, құрдастарымен қарым-қатынас жасауына және дербестігін арттыруға септігін тигізеді.

«Қарлығаш» мектепалды тобындағы негізгі дамытушы орталықтар және олардың маңызы:

Кітап бұрышы

Мақсаты: Балалардың кітапқа деген сүйіспеншілігін, сөздік қорын, тіл байлығын және есте сақтау қабілетін дамыту.

Жабдықталуы: Жасына сай ертегілер, суретті кітаптар, әліппелік плакаттар, «Кітап – білімнің кілті» сияқты стендтер.

Шығармашылық

Мақсаты: Майда мотериканы, сурет салу, мүсіндеу және жапсыру арқылы эстетикалық талғам мен қиялды дамыту.

Жабдықталуы: Түрлі түсті қағаздар, пластилин, бояулар, қылқаламдар, қарындаштар, қайшылар және балалардың жасаған бұйымдарына арналған көрме орны.

Табиғат және зерттеу (ғылым) орталығы

Мақсаты: Балаларды табиғатты қорғауға, өсімдіктерге күтім жасауға, бақылау жүргізуге және қарапайым тәжірибелер жасауға үйрету.

Жабдықталуы: Бөлме өсімдіктері, суарғыштар, лупалар, табиғи материалдар (кепкен жапырақтар, тастар, шишкалар, құм).

Сюжеттік-рольдік ойындар орталығы

Мақсаты: Ересектердің өмірін еліктеу арқылы әлеуметтік дағдыларды, қарым-қатынас пен тілді дамыту.

Жабдықталуы: «Отбасы/Асхана», «Дәрігер», «Дүкен», «Шаштараз» бұрыштарына арналған ойыншықтар, қуыршақтар, ыдыс-аяқтар және киімдер.

Құрастыру және дидактикалық ойындар орталығы

Мақсаты: Кеңістікті бағдарлауды, логикалық ойлауды, моториканы және құрастыру қабілеттерін арттыру.

Жабдықталуы: Лего-конструкторлар, текшелер (кубики), пазлдар, пішіндер, пирамидалар, сақиналар.

Денсаулық бұрышы

Мақсаты: Дене тәрбиесі, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру және денсаулықты нығайту.

Жабдықталуы: Доптар, шығыршықтар (обруч), секіртпелер, кеглелер, массаждық кілемшелер.

Ұлттық бұрыш

Мақсаты: Балаларды отансүйгіштікке, ұлттық құндылықтарға, салт-дәстүрлерге баулу.

Жабдықталуы: Мемлекеттік рәміздер, ұлттық киімдегі қуыршақтар, асықтар, ұлттық аспаптардың макеттері.

Мұндай жүйелі ұйымдастырылған орталықтар баланың балабақшадағы әр күнін қызықты, мазмұнды әрі пайдалы өткізуіне кепіл болады.

Балабақшадағы заттық-дамытушы орталықтар (бұрыштар) — балалардың жас ерекшеліктеріне сай танымдық, шығармашылық, әлеуметтік және эстетикалық қабілеттерін ойын арқылы дамытуға арналған арнайы кеңістік.

Суретте көрсетілген «Құлыншақ» ортаңғы тобының мысалындағы дамытушы орталықтардың әрқайсысына тоқталып өтейік:

Өнер және музыка орталығы («Музыка бұрышы»):

Мақсаты: Балалардың эстетикалық талғамын, ырғақ сезімін, есту қабілетін және музыкаға, өнерге деген сүйіспеншілігін дамыту.

Суреттегі көрінісі: «Музыка бұрышы» деген жазумен белгіленіп, шкаф үстіне домбыра, сандықшалар, ырғақтық құралдар мен сәндік безендірулер орналастырылған.

Сюжеттік-рольдік ойындар орталығы («Шаштараз» бұрышы):

Мақсаты: Балаларға мамандық түрлерін таныстыру, ересектердің еңбегіне еліктеу, өзара қарым-қатынас пен әлеуметтік дағдыларды (өзін күту, ұқыптылық) қалыптастыру.

Суреттегі көрінісі: Сәнді «Шаштараз» бұрышында айна, орындық, фен, қайшы, тарақ және косметикалық құралдардың ойыншық макеттері қойылған.

Шығармашылық.

Мақсаты: Баланы әсемдікті көре білуге, түстерді ажыратуға, қиялын шарықтатуға және кеңістікті бағдарлауға баулу.

Суреттегі көрінісі: Түрлі түсті шығыршықтар (обруч) мен гүлдерден, композициялардан жасалған жарқын бұрыш.

Ұлттық бұрыш

Мақсаты: Балалардың бойына ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрді, ата-баба мұрасына деген құрметті сіңіру.

Суреттегі көрінісі: Киіз үй макеті, оюлы көрпешелер, жүкаяқ және оюлы сандықтар орналастырылған ұлттық нақыштағы жайлы бұрыш.

Мұндай орталықтар баланың топта өзін еркін сезінуіне, қызығушылығына қарай ойын таңдауына және жан-жақты жеке тұлға болып қалыптасуына үлкен септігін тигізеді.

Суретте көрсетілген «Балапан» кіші тобындағы орталықтардың әрқайсысына тоқталып өтейік:

Кітап орталығы («Кітап бұрышы»):

Мақсаты: Балалардың тіл байлығын, сөздік қорын, байқағыштығын және кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру.

Суреттегі көрінісі: «Айналаны тану», ертегілер мен суретті кітаптар сөрелерге балаларға көрінетіндей ыңғайлы орналастырылған.

Ұлттық-патриоттық бұрыш (Ұлттық нақыштағы орталық):

Мақсаты: Балалар бойында отансүйгіштік, ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрге деген құрметті қалыптастыру.

Суреттегі көрінісі: Кішігірім киіз үй макеті, көрпешелер, сандықша және ұлттық нақыштағы әшекейлермен безендірілген жайлы бұрыш.

Сюжеттік-рольдік және тұрмыстық ойындар орталығы («Асхана» бұрышы):

Мақсаты: Балалардың әлеуметтік дағдыларын, ересектердің еңбегіне еліктеу, өзара қарым-қатынас жасау және қонақжайлылық әдебін дамыту.

Суреттегі көрінісі: Ойыншық асхана гарнитуры, ыдыс-аяқтар, жеміс-жидектер мен жиһаздар орнатылған.

Жолда жүру ережелері (ЖЖЕ) және қауіпсіздік орталығы:

Мақсаты: Балаларға көшедегі және жолдағы қауіпсіздік ережелерін, бағдаршам белгілерін, жол белгілерін практикалық түрде үйрету.

Суреттегі көрінісі: Жол макеті, бағдаршам және жол белгілері (пешеход, STOP т.б.) қойылған зона.

Дамытушы ойындар мен ойыншықтар орталығы:

Мақсаты: Майда моториканы, логиканы, кеңістікті бағдарлауды және қиялды дамыту.

Суреттегі көрінісі: Сөрелерде дидактикалық материалдар, жұмсақ ойыншықтар, қуыршақтар мен құрастыру құралдары жинақталған.

3. Кадрлық құрамға талдау (2- қосымша)

Қызылорда қаласы «Ережеп» бөбекжай балабақшасы мекемесі Қазақстан Республикасының Оқу- ағарту «министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау бойынша талдау, педагогтерінің дипломдары бойынша кәсіби қызметке сәйкестігін талдау.

Соңғы үш оқу жылындағы педагог кадрлар туралы мәліметтер:

Кадрдар құрамы	**Оқу жылдар**		
Көрсеткіштер	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Педагогикалық құрам			
Штаттық педагогтер саны, нақты жұмыс істейтін	9	10	11
Меңгеруші	1	1	1
Әдіскер	-	-	-
Тәрбиешілер	6	6	6
Музыка жеткешісі	1	1	1
Психолог	-	1	1
Логопед		1	1
Хореограф	1	-	1
Барлығы	9	10	11

Педагог қызметкерлерінің білім деңгейінің талдауы

Оқу жылы	Педагогтер саны	Жоғары білім	Арнаулы орта
2023-2024	9	2	8
2024-2025	10	5	5
2025-2026	11	6	5

Педагогтердің санаты бойынша талдауы

Оқу жылы	Педагог саны	Басшы-менеджер	Жоғары	Педагог-зерттеуші	Педагог - сарапшы	Педагог - модератор	Бірінші	Екінші	Санаты жоқ
2023 - 2024	9	-	-	-	-	-	-	-	9
2024 - 2025	10	-	-	1	-	4	-	-	4
2025 - 2026	11	-	-	1	-	3	-	-	7

Педагогтердің біліктілікті арттыру туралы мәліметі

2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы
2	**6**	**8**

2023-2024; 2023-2025;2025-2026 оқу жылындағы кадрлар туралы мәліметтер:

Педагогтар мен қызметкерлердің штаттық кестесі ҚР Үкіметінің Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 3 маусымдағы №346 қаулысын басшылыққа алып, бекітілген. Әр қызметкерге өз жұмысына сай лауазымдық нұсқаулықтар таныстырылды. Әрбір қызметкердің нұсқаулығы жылдың басында таныстырылып, қол қойылып бекітілді. Балабақша қызметкерлеріне жеке куәлік көшірмесі, мамандық бойынша дипломдары, санаттарының куәліктері, біліктілігінарттыру курсынан өткен сертификаттарының көшірмелері тіркелген. (құжаттар қосымша салынды)

4. Тәрбиеленушілер контингенті (3-қосымша) Тәрбиеленушілер контингентіне қойылатын өлшем шарттар

Тәрбиеленушілерконтингенті:
1)білімалушылар(тәрбиеленушілер)контингентініңқозғалысытуралымәліметтер:

«Бал қонжық» бөбекжай бақшасы мекемесінің тәрбиеленушілерімен олардың ата-аналарының контингентін зерттеуге көп көңіл бөлінеді.Балабақшада 3 топ жасақталған, онда 3жастан 6жасқа дейінгі балалар тәрбие мен білімалуда. Балаларды балабақшада қабылдау кезіндеата-аналармен келісім шарттар жасалады, олар мектепке дейінг іұйым мен ата-аналар(немесе оларды алмастыратын адамдар)арасындағы қатынастарды нақты анықтайды.Балабақшаға балаларды қабылдау,шығару ата-аналар(немесе оларды алмастыратын адамдар) өтініші негізінде бұйрық шығарылып **balabaqsha.snation.kz, Qazna Гасебағдарламары бойынша** электронды жүйелер арқылы жүзеге асырылады.Балабақша өз қызметін келесі кезеңдер бойынша ұйымдастырады:1) 1қыркүйекпен 31мамыраралығында–

оқу жылы,1маусыммен31тамызаралығы-жазғы сауықтыру кезеңі .мектепалды даярлық бағдарламасын өткен тәрбиеленушілерд імектепке дейінгі ұйымнан шығару жыл сайын 1тамызға дейін жүзеге асырылады.Тәрбиеленушілердің орнын сақтау,сондай-ақ тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымдардан шығару бойынша мәліметтер ұсынған.Тәрбиеленуші ауырған,денсаулық сақтау және басқа ұйымдарда емделген,денсаулығын түзеткен анықтамасы негізінде және тәрбиеленушінің ата-анасының заңды өкілінің жылына екі айдан артық емес мерзімге демалысқа жазбаша түрде өтініші негізінде тәрбиеленушілердің орны сақталады. Балаларды қабылдаужәне шығару балабақша меңгерушісінің бұйрығымен жүзеге асырылып отырады

«Ережеп» бөбекжай балабақшасы мекемесінің тәрбиеленушілер контингенті мен олардың ата-аналарының зерттеуге көп көңіл бөлінеді. Балабақшада 3 топ жасақталынып, 2 жастан 5 жасқа дейінгі балаларға тәрбиелеу мен білім беру қызмет көрсетілуде. Балаларды балабақшаға қабылдау кезінде әр ата-анамен жеке келісім-шарт жасалады, олар мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналар (немесе заңды тұлға) арасында қатынастарды нақты анықтайды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып төмендегіше топтарға бөлінді.

№	2023-2024 оқу жылы	Бала саны	2024-2025 оқу жылы	Бала саны	2025-2026 оқу жылы	Бала саны
1	Мектепалды даярлық «Қарлығаш» тобы 5 жастан	11	Мектепалды даярлық «Қарлығаш» тобы 5 жастан	6	Мектепалды даярлық «Қарлығаш» тобы 5 жастан	15
2	Ортаңғы «Құлыншақ» тобы 3 жастан	21	Ортаңғы «Құлыншақ» тобы 3 жастан	21	Ортаңғы «Құлыншақ» тобы 3 жастан	15
3	Кіші топ «Балапан» 2 жастан	20	Кіші топ «Балапан» 2 жастан	20	Кіші топ «Балапан» 2 жастан	13

ҚОРЫТЫНДЫ:«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 1-қосымша 18-тармаққа **сәйкес келеді.**

(2023-2024,2024-2025,2025-2026 оқу жылдарына арналған тәрбиеленушілер тізімі құжаттар көшірмесі сайтқа жолданды)

Балабақшада балаларды қабылдау ҚР Білім және ғылым министрінің 2020жылғы 19маусымдағы №254бұйрығы—мектепке дейінгі мекемелерде балаларды қабылдаудың мемлекеттік көрсетілетін стандарт талаптарына сәйкес жүргізілді. Балабақшаға қабылдау және шығару ұлттық бірыңғай деректер қорының талаптарына сай жүргізілді.

8)Балалардың жасын ескере отырып,жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптардың сақталуы

Қажетті құжаттар:Тәрбиеленушілердің тізімі(3жылға)|Жас ерекшеліктері бойынша әр топтың тізімдері (3жылға)

Балабақшажағдайы:«Ережеп» бөбекжай балабақшасында 3 топ жасақталған.Балалар 2 жастан 5 жасқа дейін тәрбиеленеді.

Топ жасақтауда Үлгілік қағидалар талаптары сақталады. Тәрбиеленушіні балабақшада ұстау: тәрбиеленуші ауырған,денсаулық сақтауда,басқа ұйымдарда емделген, сауықтырылған жағдайда—анықтама ұсынылғанда орны сақталады. Ата-ана жазбаша өтініш пен жылына 2айдан аспай демалыста немесе емделуде болса — орны сақталады.Тәрбиеленушілер келісім-шарт талаптарын бұзу немесе 1айдан астам дәлелсіз келмеу жағдайында шығарылады. Балабақшада тәрбиеленушілердің орнын сақтау,сондай-ақ тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымдардан шығару бойынша мәліметтер ұсынылады.Тәрбиеленуші ауырған,денсаулық сақтау және басқа ұйымдарда емделген,денсаулығын түзеткен анықтамасы негізінде және тәрбиеленушінің ата-анасының заңды өкілінің жылына екі айдан артық емес мерзімге демалысқа жазбаша түрде өтініші негізінде тәрбиеленушілердің орны сақталады.
Себепті жағдайда қалуына байланысты тәрбиеленушілердің ауырып қалуын дәлелдейтін анықтамасы,ата-анасының демалысқа шығу туралы жазған өтініші «**QaznaFace**»мобильді қосымшасында жүктеледі.

10	**Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер болған жағдайда,топтарды жинақтау талаптарының сақталуы**
Қажетті құжаттар:	Үлгілік оқу бағдарламасы|ЕББҚ балалар тізімі|ПМПК қорытындылары|Арнайы мамандар жоспарлары

Балабақша жағдайы:	2023–2024,2024–2025,2025–2026оқу жылдарында балабақшада аз қамтылған,көп балалы отбасылардан, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балалар болмаған.Қысқа мерзімді топтар құрылмаған. **Ерекше білімді қажет ететін балаларға жасалған жағдай:** Балабақшада ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ғимаратқа еркін кіріп-шығуына және санитарлық орындарды қауіпсіз пайдалануына қолайлы жағдай жасалған. Балабақшаға кіреберісте мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы пандус орнатылған. Пандус еңіс жолмен жабдықталған, екі жағында баланың немесе арба пайдаланушының қауіпсіз қозғалуына мүмкіндік беретін тұтқалар бар. Сонымен қатар, жол бойына сары түсті тактильді бағыттаушы жолақтар төселген. Олар көру қабілеті төмен балалардың кеңістікте бағдарлануына көмектеседі. Кіреберісте арбаға арналған орынның белгісі және мүгедектігі бар адамдарға арналған шақыру түймесі орналасқан. Бұл қажет болған жағдайда қызметкердің көмек көрсетуін қамтамасыз етеді.Ерекше балаларға бейімделген санитарлық бөлме көрсетілген. Дәретхана мен қолжуғыштың жанында баланың денесін ұстап тұруына және өздігінен қозғалуына көмектесетін арнайы тұтқалар орнатылған. Еденде сары түсті тактильді жолақтар мен ескерту элементтері орналасқан. Олар көру қабілеті төмен балаларға дәретханадағы негізгі нысандарды бағдарлауға көмектеседі. Қолжуғыштың айналасында да қауіпсіздікке арналған тұтқалар қарастырылған. Жалпы алғанда, бұл жағдайлар балабақшада ерекше балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, олардың ғимарат ішінде еркін қозғалуына, өзіне-өзі қызмет етуіне және мүмкіндігінше дербес болуына бағытталған. Мұндай қолжетімді орта баланың балабақша өміріне басқа балалармен бірге толыққанды қатысуына мүмкіндік береді. *(Қосымша суреттер сайтқа жүктелді)*

5. Оқу-әдістемелік жұмысқа қойылатын өлшемшарттар:

2025-2026оқу жылында «Ережеп» бөбекжай балабақшасы мекемесінде 3 топ,70-балаға арналған 70 баланың жолдамасы бар.
«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы»көрсетілетін білім беру қызметтерін алушылар бойынша ваучерлік қаржыландыруды ескере отырып,мектепке дейінгі тәрбие және оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырутуралы ҚР Оқу ағарту министрінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы №372 бұйрығы бойынша жолдама **balabaqsha.snation.kz , QaznaFace бағдарламары бойынша** электронды жүйелер арқылы жүзеге асырылады,электронды жүйесі арқылы қабылданып,балабақша меңгерушісінің бұйрығымен жас ерекшеліктеріне сай топтарға жіберіледі.Балабақшаға қабылдау және шығару ұлттық бірыңғай деректер қорының талаптарына сай жүргізіледі.

2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында балабақшада балаларды қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы №254 бұйрығы мектепке дейінгі мекемелерде құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау мемлекеттік көрсетілетін стандарт талаптарға сәйкес жүргізілді Балабақшада балаларды қабылдау**Qazna Face бағдарламары бойынша**электронды жүйелер арқылы жүзеге асырылды.

1)**Smartnationbalabaqsha сайты арқылы ата аналар**(немесе заңды өкілі)**өтініштері тіркеліп,жолдамасы беріліп отырады.**

Балалар қозғалысы журналы,келісім-шарт тіркеу журналы талапқа сай.Жасына қарай қағидаты бойынша топтарға бөлінеді.Балабақша және ата-ананың барлық қарым-қатынасы келісім шарт арқылы жүргізіледі. «Ережеп »бөбекжай балабақшасында жалпы ата-аналар жиналысы өткізіліп, ата-аналардың ұсынысы және келісімі мен ата-ана төлем ақысының мөлшері 14500 (он төрт мың бес жүз) теңге болып белгіленді. Онда ата-ананың төлем ақысы(тамақтану,балабақшаміндеті,ата-анаміндеті)көрсетілген.Ата-ананың төлем ақысының бағасы күніне 725теңге.оқу жылында

Құжаттар іс-қағаздар номенклатурасына сәйкес жүргізіледі. «Бал қонжық» бала бақшасының интернет-ресурстарында (инстаграм мен веб портал) ата-аналарға жолдама алу тәртібі көрсетілген нұсқаулықтар орналастырылған.

Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушінің
орны:тәрбиеленуші ауырған,денсаулық сақтау және басқа ұйымдарда

емделген,сауықтырылған, денсаулығын түзеткен және оңалтылған жағдайда көрсетілімі бойынша анықтама және қорытынды ұсынған кезде тәрбиеленушілер орны сақталады;тәрбиеленушінің ата-анасының бірі немесе заңды өкілі тәрбиеленушінің жылына екі айдан артық емес мерзімде демалысқа немесе емделуге жазбаша өтініш ұсынған жағдайда орны сақталады. Тәрбиеленушілер мектепке дейінгі ұйымдардан: мектепке дейінгі ұйым мен тәрбиеленушінің ата-анасының немесе өзгеде заңды өкілінің арасындағы шарттың талаптары бұзылған,тәрбиеленуші бір айдан астам дәлелсіз себеппен және әкімшілікке ескертпей, мектепке дейінгі ұйымға келмеген, дәрігерлік консультациялық комиссия анықтамасының негізінде тәрбиеленушінің келуінекедергіболатын медициналық қарсы көрсетілімдерболған жағдайларда балабақшадан шығарылады.

«Ережеп » бөбекжай балабақшасының күн тәртібі 10.5 сағаттық жұмыс кестесіне құрылды. Тәрбиеленушілерді теңгерімді тамақтандыру балалардың жас ерекшеліктері, денсаулық жағдайы, мектепке дейінгі ұйымның жұмыс тәртібі, маусымдық азық-түліктердің болуы, оның жиілігі ескеріліп, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23469 болып тіркелген)"Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына және мектепке дейінгі ұйымның жарғысына сәйкес 10 күндік ас мәзірі құрылды.Тамақ өнімінің сапасы менқауіпсіздігін куәландыратын құжаттаробъектілердің ас блогындасақталады.Тамақ өнімдерінің жарамдылық мерзімдері және оларды сақтау шарттары өндіруші (дайындаушы) белгілеген жарамдылық мерзімдеріне сәйкес. Гиповитаминоздың алдын алу және ерекше емес иммунитетті арттыру мақсатында салқындатылған сусындарды (компот, кисель) жасанды "С" витаминімен витаминдеуді жүргізеді.

«Ережеп» бөбекжай балабақшасында2023-2024,2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында аз қамтылған және көп балалы отбасылардан, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырғанотбасылардан шыққанжастағы балалар болмағандықтан,балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін мектепке дейінгі ұйымдардың жанынан қысқа мерзімді топтар құрылмаған.

Мектепке дейінгі ұйымның әдістемелік қызметінің берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыруғажәнеҚазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы№604 бұйрығы№1 қосымшасы(05.05.2020 жылғы№182өзгерістер мен толықтырулармен) және Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім жәнеғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына қосымша ҚР Білім жәнеғылыминистрінің 12.05.2020№195 бұйрығымен,"Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016жылғы 12тамыздағы №499бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім жәнеғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығы.

